

"Жезқазғанцветмет" акционерлік қоғамына мемлекеттік көмек көрсету және борыштарын өтеудің шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 29 желтоқсан N 1895. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.04.23. N 500 қаулысымен.

"Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кредиторлық және дебиторлық берешектерін бағалау жөніндегі ведомствоаралық комиссияның есебін қарап, мемлекеттік көмек көрсету және бұдан бұрын өзіне алған міндеттемелерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Самсунг Дойчланд ГмбХ" басқарушы фирмасы, "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамы 1995 жылғы 27 мамырға дейін туындаған кредиторлық берешектерді өтеуді тоқтатсын, яғни, 1996 жылғы 31 желтоқсанға дейін мораторий жариялансын. Жоғарыда аталған кезеңде проценттер үстеу жүргізілмесін және айыппұл шаралары қолданылмасын.

2. "Самсунг Дойчланд ГмбХ" басқарушы фирмасы, "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамы дебиторлық берешектерді қайтару жөнінде түпкілікті шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының ұсынысымен оған мемлекеттік көмек көрсету шеңберінде республика ішіндегі және ТМД елдерінің борышкер кәсіпорындарымен өзара есептеме жүргізсін.

3. "Жезказганцветмет" акционерлік қоғамының кредиторлық және дебиторлық берешектерін бағалау жөніндегі ведомствоаралық комиссия басқарушы фирманың қатысуымен басқаруға дейін туындаған комбинаттың борыштарына талдама жасау жөніндегі жұмысты бір ай мерзімде аяқтап, өнімдер мен тауар-материалдық құндылықтарды тиеу бұрын қол қойылған контрактілерді , оларды өтеудің кестесін қарап, Қазақстан Республикасының Үкіметіне тапсырсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

